**АҚСЕЛЕУ АТА ҚАЙДАСЫҢ?**

Ақселеу ата қайдасың?
Келінің іздеп жоқтайды.
Үш жыл өте шығыпты,
Арканың төсі аңырап.
Газетте сұлу бейнеңіз,
Туыпсыз Арқа төрінде.
«Бәйге төбе» басында,
Жатырсыз ба жәннәт төрінде.
Атады ел-жұрт жампозын,
«Ақселеу ата бигі».
Жете алмай жетпіс шыңына,
«Орталықтан» бастап өмірін.
Арманда кеткен атамыз,
Ұрпағың құран бағыштап.
Ел-жұртың еске алады,
Қазақтың бір туары.
Сағынып еске аламыз,
Алаштың күйігі кетті ме?

Қазақтың мұңы жетті ме?
Білмеймін не деп жырларын.
Келінің Шет, Ақсу елінен,
Шежіреңізді ашармын.
Жырлармын талай әлі мен,
Жазыпсыз, ертек, жырларын.
Сусындап әбден қанармын,
Шөлімді басып жырлармын.
«Ақселеу ата биғі»,
Ұрпағын бар саналы.
Астананын төрінде,
Қызмет қылған дана ата.
Әлі талай жырлаймын,
Шабыт келіп қалғанда.
Қазақтың асыл абызы,
Шамам келсе, құран бағыштап,
Рухыңызға бас иермін.
Жәннатта болсын жаныңыз,
Алды пейіш, нұр қабірің.
Ұрпақ өссін, көбейсін,
Ақселеуі алаштың.
Тойыңызды тойлармыз,
«Жатаған төбе» басында.
Ғалым ата, жан ата,
Жас қырандар жырласын,
Ақселеу ата тойында.

**ҒАЛИЯ СОБЕТҚЫЗЫ ОСПАНОВА,**
**Талдыбұлақ орта мектебі**

Жаңаарқа. - 2012. - 18 тамыз (№ 38). - 8 б.